# Мемлекет басшысының "Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам" атты мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 961 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту : жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) Жоспардың іс-шараларын мүлтіксіз және уақтылы орындауды, сондай-ақ Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жоспардың іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі бір апта мерзімде орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, тиісті ұсыныстарды әзірлесін және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 27 шілдедегі
№ 961 қаулысымен
бекітілген

# Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақалада берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Іс-шаралар жоспарына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1582 Қаулысымен.

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | НҚА жобаларын және ақпаратты ПМК-ге ұсыну мерзімі | ПӘ-не ақпаратты ұсыну мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **№ 1 тапсырма** | | | | | |
| 1. | «Қазақстан-2030» стратегиясының ережелері мен басқа да стратегиялық құжаттар негізге алынатын, қазақстандық әлеуметтік жүйе мен қоғамды дамыту мәселесін экономикалық жаңғырту міндеттерімен біріктіретін 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың жалпыұлттық тұжырымдамасының жобасын әзірлеу | Тұжырымдама жобасы | ЭДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, МАМ, СДШІА, ҚТКШІА, Қаржымині, ИЖТМ, АШМ, МГМ, Қоршағанортамині, ККМ, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша) | 2013 жылғы 1 ақпан | 2013 жылғы 1 наурыз |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **1. Әлеуметтік заңнаманы жаңарту** | | | | | |
| **№ 2 тапсырма** | | | | | |
| 2. | Әлеуметтік саладағы ұлттық заңдарға түгендеу жүргізу және әлеуметтік жаңғыртудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оны реформалау тұжырымдамасының жобасын енгізу | Тұжырымдама жобасы | ЭДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, МАМ, СДШІА, ҚТІКШІА, Қаржымині, Әділетмині, БҚА, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, Парламент палаталарының аппараттары (келісім бойынша), «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **№ 3 тапсырма** | | | | | |
| 3. | Бесінші шақырылған Парламенттің бүкіл жұмыс кезеңіндегі заң шығару жұмысының терең де жан-жақты қарастырылған | Тұжырымдамалық жоспардың жобасы | Әділетмині, Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, МАМ, СДШІА, ҚТКШІА, ЭДСМ, Қаржымині, БҚА, Парламент палаталарының | 2012 жылғы 1 қараша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тұжырымдамалық Жоспарының жобасын әзірлеу және келісуге енгізу | | аппараттары (келісім бойынша), «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша) | | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **2. Әлеуметтік-еңбек қатынастарының тиімді моделін қалыптастыру** | | | | | |
| **А) жұмыспен қамту саласын дамыту** | | | | | |
| **№ 4 тапсырма** | | | | | |
| 4. | Өзін өзі еңбекпен қамтығандар тобындағы еңбекке қабілетті халықты нақты жағдайларды және жұмыспен қамту саласының перспективасын ескере отырып, жұмыспен қамтуға қарай ойыстырудың әдістемесін әзірлеу | СА бұйрығы, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | СА, Еңбекмині, АШМ, ЭДСМ | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 мамыр | 2013 жылғы 1 маусым |
| 5. | Өзін өзі еңбекпен қамтыған халықты айқындау жөніндегі жаңа әдістемені ескере отырып, жұмыссыздық деңгейін айқындаудың әдістемесін жетілдіру | СА бұйрығы, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | СА, Еңбекмині, АШМ, ЭДСМ | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 мамыр | 2013 жылғы 1 маусым |
| **№ 5 тапсырма** | | | | | |
| 6. | Қызметкерлерді Қазақстан Республикасының еңбек заңдарының негіздеріне 2013 жылдан бастап оқыту жүйесін ұйымдастыру туралы мәселені әзірлеу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | Еңбекмині, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қазан | 2012 жылғы 1 қараша |
| 7. | Еңбек кодексінің негізгі ережелері және еңбек қатынастарын реттейтін басқа да құқықтық актілер жөніндегі жалпыұлттық анықтамалықтардың бірыңғай серияларын шығару мен таратудың, соның ішінде интернет пен мемлекеттік органдардың ресми сайттарының мүмкіндіктерін пайдаланудың жобасын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | Еңбекмині, МАМ, ККМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **В) кәсіби біліктіліктердің ұлттық жүйесі** | | | | | |
| **№ 6 тапсырма** | | | | | |
| 8. | Бірыңғай экономикалық кеңістік елдерінің біліктілік жүйесін ескере отырып, кәсіптік стандарттарды дайындауды көздейтін біліктіліктің ұлттық жүйесін кезең-кезеңімен әзірлеудің | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, МАМ, СДША, ҚТКШІА, | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 мамыр | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған жоспарын әзірлеу және қабылдау | | ЭДСМ, Қаржымині, ИЖТМ, МГМ, АШМ, Қоршағанортамині, ККМ | | 2013 жылғы 1 маусым |
| 9. | ЖОО-лар мен колледждер түлектері үшін біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды жандандыру | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | БҒМ, Еңбекмині, ДСМ, МАМ, СДША, ҚТКШІА, ИЖТМ, МГМ, АШМ, Қоршағанортамині, ККМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» одағы ҰЭП (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 мамыр | 2013 жылғы 1 маусым |
| **С) еңбек дауларын профилактикалау, алдын алу және реттеу** | | | | | |
| **№ 7 тапсырма** | | | | | |
| 10. | «Мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы» Заңға және Еңбек кодексіне кәсіпорындарға тексеру жүргізу бөлігінде ратификацияланған ХЕҰ Конвенциясына сәйкес өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | Еңбекмині, Әділетмині, ЭДСМ, ТЖМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, БП ( келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 11. | Қазақстан Республикасының Еңбек, Әкімшілік және Қылмыстық кодекстеріне еңбек дауларын әдейілеп туындатқаны үшін жауапкершілік жөніндегі ережені енгізу туралы ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | Еңбекмині, Әділетмині, ІІМ, БП (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 12. | Әлеуметтік өштесуді қоздырғандығы, ереуілге мәжбүрлегендігі, еңбекақыны дер кезінде төлемегендігі, ұжымдық шартты орындамағандығы және басқа да құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейту туралы ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | Еңбекмині, Әділетмині, ІІМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, БП (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **№ 8 тапсырма** | | | | | |
| 13. | «Халықтық ІРО-ның» тұңғыш тәжірибесіне кең көлемді талдаулар жүргізу, оның ішінде жаппай сұрау жүргізу және «халықтық ІРО » өніміне сұраныс құрылымына талдау жүргізу арқылы; акционерлендірілген ұлттық | Қазақстан Республикасының | ЭДСМ, Еңбекмині, ҰБ ( келісім бойынша), « | 2013 жылғы 1 наурыз | 2013 жылғы 1 сәуір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | компанияларға экономикалық және заңгерлік аудит жүргізу арқылы; халықты жүргізілген зерттеу және аудит нәтижелері туралы хабарландыру арқылы | Президенті Әкімшілігіне есеп | Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша) | | |
| 14. | Медиация институтын дамытуға бағытталған құқықтық базаның қабылдануын қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | Әділетмині, Еңбекмині, ЖС (келісім бойынша), БП ( келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 15. | Даулар мен жанжалдарды соттан тыс реттеудің осы тетіктерін дамыту мақсатында Медиаторлардың ұлттық конференциясын өткізуге бастамашылық ету | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | Әділетмині, Еңбекмині, ЖС (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **№ 9 тапсырма** | | | | | |
| 16. | Кәсіптік одақтар туралы заңнаманы кешенді талдаудан өткізу және оны өзгерту жөніндегі заң жобасын жасау | Қазақстан Республикасының Заң жобасы | Еңбекмині, Әділетмині, ИЖТМ, АШМ, Қоршағанортамині, МГМ, ККМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, БП (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **3. Өмір сапасының қазақстандық стандарты** | | | | | |
| **№ 10 тапсырма** | | | | | |
| 17. | Егжей-тегжейлі зерттеп, ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен кепілдіктерді енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | ЭДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, МАМ, СДША, ҚТКШІА, Қаржымині, ТМРА, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 мамыр | 2013 жылғы 1 маусым |
| **А) тұрғын үй жағдайының стандарты: қолжетімділік пен жайлылық** | | | | | |
| **№ 11 тапсырма** | | | | | |
| 18. | Жалдамалы тұрғын үй нарығын одан әрі дамыту және жеке тұрғын үй құрылысын ынталандыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | ҚТКШІА, ЭДСМ, ТМРА, АШМ, БҚА, Қаржымині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 19. | Тұрғын үй құрылысына үлестік салымдарды сақтандыру жүйесін әзірлеу және енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | ҚТКШІА, Әділетмині, ҰБ ( келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 20. | Коммуналдық сектордың желісі мен нысандарының ахуалы жөніндегі біртұтас жалпыұлттық мәліметтер базасын қалыптастыру | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | ҚТКШІА, Әділетмині, Қаржымині, ЭДСМ, ИЖТМ, АШМ, ККМ, СА, МГМ, ТМРА, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 21. | Коммуналдық желілерді жаңғырту жөніндегі өңірлік жоспарлар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | ҚТКШІА, АШМ, МГМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 22. | Сумен қамтамасыз ету мен су арналарының, электр қуаты мен жылу берудің, сондай-ақ басқа да коммуналдық қызметтердің кепілді үлгі-қалыптарын әзірлеу және енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | ҚТКШІА, Әділетмині, ЭДСМ, Қаржымині, Еңбекмині, ДСМ, ИЖТМ, ТМРА | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 23. | Әрбір пәтер иесі үйлерді басқару ісіне нақты қатысып, ТКШ-ны жаңғырту бағдарламасынан пайда көретіндей жетістіктерге жете отырып, «тиімді меншік иесін» қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | ҚТКШІА, Әділетмині, ЭДСМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, БП (келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **B) білім беру жүйесін жаңғырту бойынша алдағы қадамдар** | | | | | |
| **№ 12 тапсырма** | | | | | |
| 24. | ЖОО-лардың санын оңтайландыру және кадрларды сапалы дайындауды қамтамасыз етпейтін білім беру мекемелерінің лицензияларын қайтарып алу жөніндегі жұмысты жалғастыру | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | БҒМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 мамыр | 2013 жылғы 1 маусым |
| 25. | 2014 жылдан бастап еңбек нарығын дамытудың бес жылдық болжауларын талдап-жасауды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, ЭДСМ, СА, ИЖТМ, АШМ, ККМ, МГМ, ҚТКШІА, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 қараша | 2013 жылғы 1 желтоқсан |
| **№ 13 тапсырма** | | | | | |
| | 2013-2014 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердегі оқу үдерісінде білім берудің интерактивті түрлерін пайдалануды | Қазақстан Республикасының | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 26. | кеңейтуді және онлайн-оқытудың арнаулы оқу бағдарламаларын енгізуді көздеу | Президенті Әкімшілігіне есеп | БҒМ, ККМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2013 жылғы 1 қараша | 2013 жылғы 1 желтоқсан |
| 27. | Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талдаудан өткізсін, оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен пішінін өзгерту жөнінде іс-шараларды жүзеге асыру | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | БҒМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 қараша | 2013 жылғы 1 желтоқсан |
| 28. | Орта, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында «Акмеология, жеке және әлеуметтік табыс негіздері», «Қазақстан құқығы», «Өлкетану» сияқты міндетті оқу курстарын енгізу жөнінде ұсыныс жасау | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | БҒМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **С) денсаулық сақтауды жаңғырту және саламатты өмір салты** | | | | | |
| **№ 14 тапсырма** | | | | | |
| 29. | Медицина қызметкері тарапынан салақтықпен немесе жүрдім-бардым қарау болмаса, азаматтың денсаулығына нұқсан келтіргені үшін дәрігерлердің кәсіби жауапкершілігін міндетті түрде қамсыздандыруды енгізу жөніндегі мәселені талдап-зерттеу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | ДСМ, Қаржымині, ЭДСМ, Әділетмині, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, ҰБ (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 мамыр | 2013 жылғы 1 маусым |
| 30. | Емдік құралдарды пайдалануға қатысты тұрғындардың хабардарлығы деңгейін арттырудың пәрменді тетіктерін енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | ДСМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **№ 15 тапсырма** | | | | | |
| 31. | Оқушылар үшін оқудан тыс спорт секцияларын бюджеттік емес қаржы көздерінен қаржыландырудың тетіктерін енгізуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | СДША, БҒМ, Қаржымині, ЭДСМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесі арқылы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 32. | үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен әріптестіктің жаңа түрлерін талдап-жасау | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | СДША, МАМ, БҒМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 маусым | 2013 жылғы 1 шілде |
| **№ 16 тапсырма** | | | | | |
| 33. | Ұлттық лотереяны дамыту жүйесінің жаңа тиімді моделін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | СДША | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 34. | Қазақстандық командалардың шет елдер чемпионаттарының жоғары лигаларына (спорттың әр түрі бойынша) қатысуын ұлғайту жөнінен ұсыныс енгізу. | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | СДША, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 35. | Мамандандырылған спорттық теледидар арнасын құру жөнінде ұсыныс енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | СДША, МАМ | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 36. | Алматыда өтетін қысқы Универсиада-2017 қарсаңында студенттік және балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту және студенттер мен жасөспірімдер клубын құру жөнінде ұсыныс енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | СДША, БҒМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **D) халықты әлеуметтік қорғау және бейімдеу жүйесін дамыту** | | | | | |
| **№ 17 тапсырма** | | | | | |
| 37. | «Әлеуметтік жұмыс орындары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу туралы мәселені қарастыру | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | Еңбекмині, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» ХДП ( келісім бойынша) | 2012 жылғы 15 тамыз | 2012 жылғы 1 қыркүйек |
| 38. | Ата-аналардың балаларының отбасындағы санына байланысты балабақшаларда болуын төлеу жөніндегі шығындарының, бір бөлігіне өтемақы төлеуді, бала күтімі бойынша демалыстан соң қайтадан жұмысқа шыққан әйелдерге мемлекет есебінен біліктілігін арттыру және қажетті жаңа мамандық алу мүмкіндіктерін, Қазақстан Республикасы Салық | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | Еңбекмині, БҒМ, ЭДСМ, Қаржымині, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және | 2012 жылғы 15 тамыз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кодексіне көп балалы отбасылар үшін табыс салығы бойынша жеңілдіктер туралы ережелерді және басқаларды заңды тұрғыда реттеу мәселелерін қарастыру | | отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия ( келісім бойынша) | | 2012 жылғы 1 қыркүйек |
| 39. | «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы ҚР Заңында жас маманның мәртебесін құқықтық айқындау, оның ең төменгі әлеуметтік пакеті және басқа да мәселелерді қарастыру ( жас қазақстандықтар үшін « әлеуметтендіретін лифтілердің» тетіктеріне қатысты) | Қазақстан Республикасының Заң жобасы | БҒМ, Еңбекмині, ДСМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты кеңесі (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 40. | Жастарды техникалық және кәсіптік білім алуға және индустрияландыру бағдарламасына қатысуға ынталандыру мен тартудың нақты шараларын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | БҒМ, Еңбекмині, ИЖТМ, Қоршағанортамині, ҰҒА, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері, ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты кеңесі (келісім бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **4. Әлеуметтік жаңғыртудың ақпараттық-мәдени құрамдасы** | | | | | |
| **№ 18 тапсырма** | | | | | |
| 41. | «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңінің жобасын әзірлеу және енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы | ККМ, МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 41-1. | «Ақпараттық Қазақстан – 2030» мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңінің жобасын әзірлеу және енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы | ККМ, МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы 1 қараша | 2019 жылғы 1 желтоқсан |
| 42. | «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру мақсатында қабылданған Мемлекеттік қызметтердің кеңейтілген тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтер ұсыну стандарттарын әзірлеу және бекіту | Нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | ЭДСМ, орталық мемлекеттік органдар, МҚІА (келісім бойынша) | мемлекеттік қызметтердің кеңейтілген тізілімін бекіткен күннен бастап үш ай мерзімінде | мемлекеттік қызметтердің кеңейтілген тізілімін бекіткен күннен бастап төрт ай мерзімінде |
| | «Электронды әкімдіктің» облыс, қала, аудан үш | Қазақстан Республикасының | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 43. | деңгейлі үлгілік сызбасын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу | Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | ККМ, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 44. | Қазақ ұлттық электронды кітапханасының қорын кеңейтуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | МАМ, ККМ | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 қараша | 2013 жылғы 1 желтоқсан |
| 45. | Журналистердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп Журналистік этика кодексін жобасын әзірлеу | Кодекс жобасы | МАМ | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 46. | Отандық БАҚ-тарды жаңғырту жоспарын әзірлеу | МАМ бұйрығы, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | МАМ, ККМ, Әділетмині, Алматы, Астана, облыстардың қалаларының әкімдері, БП (келісу бойынша) | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **№ 19 тапсырма** | | | | | |
| 47. | Еңбекке, адал кәсіби табысқа, Отанға қызмет етуге, жоғары патриоттық ниеттерге оң көзқарастар қалыптастыратын отандық әлеуметтік мәдени өнімдерді жаңғыртудың салалық бесжылдық жоспарын әзірлеу және қабылдау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | МАМ, Алматы, Астана, қалаларының облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 15 тамыз | 2012 жылғы 1 қыркүйек |
| 48. | «Бұқаралық іс-шаралар өткізу туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеу және Парламентке енгізу | Қазақстан Республикасының Заң жобасы | МАМ, ЭДСМ, ДІА, Қаржымині, Әділетмині, Алматы, Астана, облыстардың қалаларының әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 49. | Қазақстан Республикасында мемлекеттік ұлттық, кәсіптік және өзге де мерекелерді тойлау тұжырымдамасын жаңарту, бұқаралық іс-шаралар өткізудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | МАМ, ДІА, ЭДСМ, Қаржымині, Алматы, Астана, облыстардың қалаларының әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 50. | Облыстар арасындағы ақпараттар және мәдени жетістіктер алмасуды күшейту, өзара «облыс аптасын» тұрақты өткізуді ұйымдастыру, әлеуметтік бұқаралық іс-шаралар өткізу моделін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | МАМ, Алматы, Астана, облыстардың қалаларының әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| **4. Әлеуметтік үдерістерді мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесі** | | | | | |
| **№ 20 тапсырма** | | | | | |
| | Жоспарлау, үйлестіру, талдамалық сүйемелдеу, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 51. | үкіметтік емес сектормен әріптестік және басқа да мәселелерді қоса алғанда, әлеуметтік үдерістерді мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша кешенді ұсыныстар әзірлеу және енгізу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | ЭДСМ, Еңбекмині, ДСМ, БҒМ, МАМ, Қаржымині, Әділетмині, Алматы, Астана қалаларының, облыстардың әкімдері | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 52. | Азаматтық қызметті заңнамалық регламенттеу мәселесін зерделеу | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне есеп | Еңбекмині, ЭДСМ | 2012 жылғы 1 қараша | 2012 жылғы 1 желтоқсан |
| 53. | 2016 жылға дейінгі кезеңге арналған Әлеуметтік жаңғыртудың жалпыұлттық жоспарының жобасын әзірлеу | Жоспар жобасы | ЭДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, МАМ, ҚТКШІА, СДШІА, Қаржымині, Қоршағанортамині | 2012 жылғы 1 желтоқсан 2013 жылғы 1 мамыр | 2013 жылғы 1 маусым |

**Ескертпе:** аббревиатуралардың таратылып жазылуы

МҚІА – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

ДІА – Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі

ҚТКШІА – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

СДШІА – Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі

БҚА – Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік)

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

ПӘ – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі

ТМРА – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

СА – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

ЖС – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

ЖОО – жоғары оқу орындары

БП – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
МАМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі
БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
ХЕҰ – Халықаралық еңбек ұйымы
АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
ҰҒА - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі
НҚА - нормативтік-құқықтық акт
ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар
«Нұр Отан» ХДП - «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы
«Атамекен» ҰЭП одағы - «Атамекен» одағы» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК